

## Қазіргі Сирия мәселесі бойынша мүдделі геосаяси күштердің ұстанымдары

Ж. Б. Момынқұлов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail:* \_janatmom@bk.ru

**Түйін.** Бұл мақалада қазіргі Сириядағы жағдай қарастырылады. Сирияда қанды қақтығыстар мен осы елге қарсы енгізілген шектеулердің күшеюімен бірге сириялықтардың әлеуметтік жағдайы да күн сайын нашарлап келеді. Ресми іс-шаралар мәселенің уақытында бейбіт жолмен шешілуі үшін әлі де жеткіліксіз. Ресей мен Қытайдың Сирия мәселесі бойынша ұстанымдары Батыс тарапынан қатты сыналуда. АҚШ пен Израильдің мәселеге қатысты ұстанымдары түсінікті. Түркия, Иран, Араб елдері лигасының ұстанымдары толық зерттеуді қажет етеді. Сириядағы жағдай әлі де тұрақсыз. Бұл жағдайда алда қандай оқиғалардың болатынын, олардың қалай өрбитіндігін анықтауды күрделендіреді.

Күн өткен сайын шиеленісе түскен Сирия мәселесі барлық мүдделі тараптардың ұстанымдарының нақтылана түсуіне жағдай жасауда. Ресей, Иран мен Қытай бір жақтан, АҚШ, Еуропа Одағы, Израиль, Түркия, Араб елдері лигасы екінші жақтан, Сириядағы шиеленісті жағдайдың келешегіне қатысты бір-біріне қарама-қайшы көзқарастарды ұстануда. Ресей мен Қытай Сириядағы биліктің «Ливиялық сценарий» бойынша ауыстырылуына қарсылық білдіріп, БҰҰ-да вето құқығын пайдаланғандығы мәлім. Оған Иран да қосылып, шиит ағымының өкілі Башар Асадтың билікте қалғанын қалайтынын білдірді. Бұл үштіктің ұстанымы бойынша, оппозиция мен билік ортақ бір келісімге келіп, барлық мүдделі тараптарды қанағаттандыратын нәтижеге қол жеткізулері тиіс. Олардың ойлары қос тарап та бірдей кінәлі дегенге саяды. АҚШ бастаған, Араб елдері лигасы қолдаған қарсылас тарапқа келсек, барлық қантөгістердің себебін Асадтың билігінен іздейді.

Түркияның Сириядағы оқиғаларға қатысты ұстанымы.

Таяу Шығыс аймағында лидерлік үшін таласта сунниттік Түркия шииттік Иранның

басты саяси бәсекелесі болып табылады. Әрине, Сирияда шииттік биліктің құлатылып, оның орнына түріктерге жақын сунниттік топтардың билікке келуі Анкараға тиімді болары сөзсіз. Түркия бір жағынан, Сирия мәселесінің тезірек әскери жолмен шешілгенін қаласа, екінші жағынан, экономикалық-әскери шығындарды болдырмаудың жолдарын да қарастырып жатыр. Соғыстың болуы жағдайында, оның ауыр жүгі алдымен Түркияның халықаралық беделі мен экономикалық дамуына кері әсер етеді. Оның үстіне, Анкара Ресей мен Иран сияқты өзінің маңызды саяси-экономикалық серіктестерімен қарым-қатынастарын бұзып алғысы келмейді.

Түркия араб елдері үшін саяси-экономикалық дамудың үлгісі. Тарихи себептерге байланысты арабтардың көбісі бұл идеяны қолдамайды.

Түркияның «Сирия ұлттық кеңесі» мен «Еркін Сирия әскерін» қолдауы жағдайды тым шиеленістіріп, Ресей мен Иранның наразылығын тудырды. «Turkey analyst» журналында Түркияның Батыс елдерінің қолдауымен Сирия аумағында «қауіпсіздік аймағын» орнататындығы жазылады. Бұл орайда, Түркия мен Иранның қатынастары қарама-қайшылыққа

толы. Иран Түркияның энергетикалық қажеттіліктерінің үштен бір бөлігін қамтамасыз етіп отыр. Анкара НАТО-ның аясындағы өз міндеттемелері шеңберінде Иранның ұзақ қашықтыққа ұшатын ракеталарына қарсы АҚШ-тың алдын-ала ескертетін радар жүйесін Түркия аумағында орнатуға келісімін берді [1, 4 б.]. Түркияның қазіргі жағдайы күрделі және айтарлықтай ыңғайсыз. Түркия қалыптасқан халықаралық және аймақтық жағдаяттың шешуші субъектісінен гөрі, басты объектілерінің біріне айналған.

Батыс елдерінің Сириядағы оқиғаларға қатысты ұстанымы.

Франция мен Ұлыбритания Таяу Шығыс аймағында ерекше белсенділік танытып келеді. Қос алып елдің Ливан мен Иракта арнайы жасақтары болғандықтан, Сириядағы жағдайға белгілі деңгейде ықпал ете алады. Бірақ, АҚШ тұрғанда Франция мен Ұлыбританияның бірінші рөлді ойнай алмайтыны, Вашингтонның қолдауы немесе нұсқауы бойынша ғана іс-әрекетке баратыны белгілі. АҚШ дүниежүзіндегі ең қуатты экономикалық-әскери держава ретінде Дамаскдағы жағдайды қарудың күшімен толықтай өзгерте алатын бірден-бір алып мемлекет. Бірақ, оған Ресей кедергі болып тұр. АҚШ-тың әзірше Сирияға әскери күштерін енгізбеуінің келесі себептері бар. Дүниежүзілік экономикалық жағдаяттың қолайсыздығы, Ресей мен Қытайдың БҰҰ-дағы ашық қарсылығы, Ирак пен Ауғанстаннан әскерін шығаруы себепті АҚШ-тың Таяу Шығыстағы ықпалының төмендеуі, Обама әкімшілігінің соғысуға құлықсыздығы, Сириядағы жағдайдың Ирак, Ауғанстан және Ливиядағы оқиғалардан өзгешелігі, әскери шабуылдан антиамериканизмнің өрбу «қауіп», «Батыс блогының» шабуылдың ғаламдық салдарларынан сескенуі, АҚШ-та президенттік сайлаудың өткізілуі соғыс жариялау үшін тым қолайсыз.

АҚШ БАҚ құралдары арқылы Сирия халқын өз билеушілері Асадқа қарсы тұруға ашық түрде үгіттеуде. АҚШ «Ливиялық сценарийдің» Сирияда да жүзеге асатындығына сенбейді. Бұл жағдайда, АҚШ Түркия сияқты аймақтық державаға сүйенеді. Вашингтондағы стратегтер соғыс жағдайындағы әскери-экономикалық шығынды азайту үшін Түркияға арқа сүйейді [2, 9 б.].

Ресейдің Сириядағы оқиғаларға қатысты ұстанымы.

Сирия мен Ресейдің арасында әртүрлі салаларда ынтымақтастық қатынастары қалыптасқан. КСРО кезінде Мәскеу араб социалист елдерінің «қорғаушысы да қамқоршысы» болды. Қазір, араб әлемін зерттеудің ірі орталығы ретінде Ресей Сириядағы жағдайды жіті бақылап отыр. Сирия дағдарысында Мәскеудің беделі мен рөлі ерекше маңызға ие болып отыр. Ресей дипломаттары басында Сириядағы биліктің тұрақтылығын қаласа, қазір әскери шабуылды болдырмау, яғни, оқиғалардың «Ливиялық сценарий» бойынша дамуына жол бермеу туралы көп айтады. Ресейдің БҰҰ-да veto құқығын қолдануы, 2012 жылдың 7 ақпанында Ресейдің өкілдерінің Сирияға жасаған «тарихи» сапары, Валдай форумының ұйымдастырылуы, 10 наурызда С. Лавровтың араб елдеріне жасаған сапары Мәскеудің саяси белсенділігі мен мүдделілігін анық көрсетеді. Сирия мәселесі Ресей дипломатиясы үшін өз беделін көтерудің және қабілет-қарымын сынаудың жаңа бір мүмкіндігі. Ресей Сирияда терең саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалардың жасалғанын дұрыс деп есептеп, өткен референдумға оң баға берді. Сирия мәселесінде Ресей әртүрлі сценарийлерге дайын.

Ресей СІМ-і Таяу Шығыста орын алған оқиғаларды сипаты мен мазмұны жағынан көтерілістер мен төңкерістерге бөледі. Бұл жерде Мәскеу «қос стандарт ойынын» ойнап отырған жоқ па? Мәскеудің ойынша, Сириядағы болып жатқан оқиғалар төңкеріске жатпайды. Сирияның ішкі жағдайына араласуды Ресей өз ісіне араласу деп біледі. Бұл ұстанымға сәйкес, әскери араласу саясаты Сириядағы жағдайды одан ары «асқындырып жіберуі» мүмкін. Мәселені оппозиция мен режим арасындағы диалог арқылы ғана шешуге болады. Сириядағы саяси режимнің қатаң ұстанымын жұмсарту үшін Мәскеу өз салмағын пайдаланып, Дамаскіге ықпал ете бастады [3, 2 б.].

Егер, Ресей Сирияны қауіпті жағдайдан аман алып қалып, елдегі саяси элитаның қантөгіссіз ауысуын қамтамасыз ете алса, бүкіл араб әлеміндегі беделін қалпына келтіре алар еді. Мәскеудің халықаралық қауымдастықтағы ықпалы артып, араб әлеміндегі оң имиджі нық орнығып, аймақтағы ең басты ойыншыға айналар еді.

Десек те, сириялық оппозицияны қолдаған Батыс елдері мен Араб елдері лигасының

түпкілікті ұстанымы Ресейдікіне қарсы. Әзірше, Ресей мен Қытайдың Сирияға қатысты вето құқығын пайдалануы АҚШ-тың өкілінің өз сөзімен айтқанда «жиіркенішін» туғызады екен.

Ресей СІМ басшысы С. Лавров наурыздың 9-10 күндері БҰҰ-ның және Араб елдері лигасының (АЕЛ) Сириядағы өкілі Кофи Аннанмен кездесіп, оған Мәскеудің ұстанымын тәптіштеп, жеткізіп берді. Нәтижеде, Мәскеу мен АЕЛ Сирия жөнінде ортақ түсіністікке келді. С. Лавров сондай-ақ, Мысыр қарулы күштерінің жоғарғы қолбасшысы Тантавимен кездесті. Ресей жағы қантөгісті тоқтату, сыңаржақтылықтан арылып, елдің ішкі жағдайына қол сұқпау сияқты талаптарын қойды. Сауд Аравиясы сияқты АҚШ-ты қолдайтын елдер Ресейдің бұл әрекетін де сынға алды. Түптің түбінде, Асад билігінің құлатылуы жағдайында Мәскеу Вашингтонның алдында жеңілгенін мойындауға мәжбүр болады [4, 12 б.].

Қытайдың Сириядағы оқиғаларға қатысты ұстанымы.

Қытайдың БҰҰ-да Сирия мәселесі бойынша вето құқығын пайдалануы біріншіден, аталмыш алып мемлекеттің халықаралық саясаттағы жеке ұстанымын, екіншіден, идеологиялық тұрғыдан туыс ел Ресейге көрсеткен қолдауын, үшіншіден, Батысқа қыр көрсетуін, төртіншіден, кез келген елде билікті сырттан күшпен ауыстыруға жол берілмейтінін білдіреді. АҚШ-тың Бас хатшысы Қытайдың Сирияға қатысты ұстанымын сынап, оны өзгертуге күш салды. Вашингтонның ойынша, Қытайдың ұстанымы сириялықтардың мүддесіне сай емес.

Қытайдың халықаралық сахнадағы саясаты, атап айтсақ, Таяу Шығысқа қатысты саясаты өзінің энергетикалық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған. Қытайдың Таяу Шығыс мәселелеріне қатысты мақсаты ынтымақтасу, келіссөз жүргізу және жанжалды шешуге келіп саяды [5, 4 б.].

Сонымен, Қытайдың вето қолдануын НАТО-ның Ливияға жасаған шабуылына реакция ретінде де, сондай-ақ, Қытайдың Таяу Шығыстағы энергетикалық мүдделерінің ескерілмеуімен де түсіндіруге болады. Ресей-Қытай ұстанымы Сирия дағдарысының оң шешілуін қамтамасыз етуі де ықтимал.

Иранның Сириядағы оқиғаларға қатысты ұстанымы.

Иран өзінің одақтасы Сириядағы тұрақты-

лықты қалайтыны түсінікті. Сирияның Башар Асад бастаған саяси элитасы шиизмді ұстанатын алевилерден құралған. Сирия оппозициясы исламның сунниттік бағытын ұстанатын беделді «Мұсылман бауырлар» ұйымынан құралған. Парсы шығанағындағы сунниттік монархиялар Иранның ықпалынан қауіптенеді. Иран Сирияға мұнай тасымалдайтын бірден-бір серіктес мемлекет. Сирияға қарсы жасалған санкциялар Асадтың сыртқы күштерге қарсылық көрсету қабілетіне әсер етуі мүмкін. Жалпы, Иран Сириядағы биліктің құлатылуына барлық жағынан дайын.

Иранның алдында үш жол тұр. Бірінші жол: Иран Асадтың «батып бара жатқан кемесінен» кез келген уақытта «секіріп, түсіп қалуға» дайын. Екінші жол: Иранның консерватор саясаткерлері Сирияға қатысты екіге бөлінді. Үшінші жол: Ахмадинежад пен Аятоллах Али Хаменеи арасындағы дау-дамай кеңейіп, Сирия мәселесіне ойысып отыр. АҚШ пен Израиль қазір Иранға шабуыл жасау туралы жиі-жиі айта бастағаны мәлім. Иранға қазір Ресей мен Қытаймен бірігіп, бір блок құрып, ортақ іс-әрекет жоспарын дайындау қажет.

Израильдің Сириядағы оқиғаларға қатысты ұстанымы.

АҚШ-тың артында Израиль тұр. Тель-Авивтің мақсаты Башар Асадтың билігін құлатып, Иранды бомбылау. Израильдің ойынша, Сирия халықаралық лаңкестікті, Хамас сияқты Израильге қарсы радикалдық топтарды, Хизбалла қозғалысын қолдайды.

Сириядағы оқиғалар Израиль үшін мүмкіндіктермен қатар қауіп-қатерлер де туғызып отыр. Израиль «Араб көктемінің келуімен бірге, кейбір одақтастарынан айырылып қалды. Израиль аймақта саяси исламның күшеюімен «тұрақсыздық» толқынының тарауынан сескенедеді. Сириядағы биліктің құлауы Иранның да әлсіреуін білдіреді.

Израиль өзінің Таяу Шығыстағы саясатында толығымен АҚШ-қа арқа сүйейді. Әзірше, Израиль АҚШ-ты Сирияға қарсы соғыс жариялауға көндіруге тырысып бағуда [6, 5 б.].

Таяу Шығыстағы, әсіресе, Сириядағы оқиғалардың алда қалай өрбитіндігін кесіп айту қиын. Әзірше, бүкіл әлемнің назары Сирияға бағытталған. Сирияда жанжалдардың жалғасуы жағдайында саяси режимнің ауыстырылуын жөн санайтындардың қатары да арта бермекші.

Қорытынды. Сирияның келешегіне қатысты әртүрлі қарама-қайшы болжамдар бар. Оқиғалардың немен тәмамдалары әлі де анық емес. Сирия режимі мәселенің тек қақтығыс арқылы шешілетіндігіне сеніп, билікті сақтап қалу үшін соңына дейін қарсыласу саясатын ұстана береді. Сирияда болып жатқан оқиғалардың көмескі және жабық болуы ел ішінен сенімді ақпарат алуды қиындатып отыр. Сирияға әскермен басып кіру үшін себептер әлі жеткіліксіз. Келіссөзге Түркия мен Араб елдері лигасын тарту арқылы мәселені бейбіт шешкен абзал. Араб елдері лигасына мүше елдердің өздері Сирияда биліктің ауысуына қатысты әртүрлі қарама-қайшы ұстаным білдіруде. Сириядағы жағдай әлі де толық болжап болмайтындай деңгейде күрделі.

#### Әдебиет

1. O. Orhan. Suriye için Libya Modeli Uygulanabilir mi? 14/02/2012. [www.orsam.org.tr](http://www.orsam.org.tr)
2. Fadi Hakura. Why Turkey is increasing pressure on Assad. 10/02/2012. [www.cnn.com](http://www.cnn.com)
3. Виталий Билан. Россия переходит к политике маневрирования на Ближнем Востоке. Февраль 2012 // Журнал «Новое Восточное Обозрение».
4. Yezid Sayigh. China's Position on Syria. February 8, 2012. [www.CarnegieEndowment.org](http://www.CarnegieEndowment.org)
5. The Syrian Conundrum. 7 February 2012. [www.chathamhouse.org](http://www.chathamhouse.org)
6. Salman Shaikh. Netanyahu and Syria. March 01, 2012. [www.brookings.com](http://www.brookings.com)

**Ж.Б. Момынкулов**

#### Позиции геополитических сил, заинтересованных в сирийском вопросе

Автором данной статьи рассматриваются проблемы, связанные с нынешней ситуацией в Сирии. В связи с усилением эскалации насилия и ужесточения внешнеэкономических санкций против страны социальное и гуманитарное положение сирийцев с каждым днем стремительно ухудшается. Меры, предпринимаемые на официальном уровне, оказались недостаточными для своевременного мирного урегулирования сирийской проблемы. Позиция России и Китая по сирийскому вопросу остается стабильным, что подвергается сильной критике со стороны Западных стран. Открытая позиция США и Израиля не вызывает у экспертов особых вопросов. Однако позиция по данному вопросу таких стран, как Турция, Иран, Лига арабских государств, Китай, требует тщательного изучения, чтобы действительно понять их политику на Ближнем Востоке. Нынешняя ситуация в Сирии все еще остается неопределенной, что затрудняет сейчас делать какие-то точные прогнозы относительно перспективы развития обстоятельств в Сирии.

**Zh. B. Momyunkulov**

#### Positions and Interests of Geopolitical Powers in the Syrian Issue

In this article issues related to the current situation in Syria are considered. In the beginning of the paper general review of the most important events and changes, which took place in the last period in Syria, is given. But the efforts of the geopolitical powers turned to be insufficient for peaceful and forehanded regulation of the Syria crisis. Position of Russia and China regarding the issue remains unchanged, what is regularly criticized by the West States. Open position of US and Israel in this issue doesn't cause any difficulty to the experts. But, positions of Turkey, China, Iran and Arab Countries League require very attentive attitude and approach for the better understanding of their policies in the Middle East Region. Current situation in Syria still remains uncertain. This is why it's difficult to make any precise prognosis in regard to the prospects of possible changes in Syria.